

**Ауданбек Көбесовтың 90-жылдығына арналған  
«Ауданбек Көбесов – әл-Фарабидің философ-ойшыл, математик,  
жаратылыстанушы, педагог екендігінің шынайы бейнесін жасаушы  
және заманауи білім мен тәрбие» атты  
халықаралық ғылыми -тәжірибелік конференция**

**РЕЗОЛЮЦИЯСЫ**

Бұл қаулы 2022 жылғы 10-11 ақпанда өткен Ауданбек Көбесовтың 90-жылдығына арналған «Ауданбек Көбесов – әл-Фарабидің философ-ойшыл, математик, жаратылыстанушы, педагог екендігінің шынайы бейнесін жасаушы және заманауи білім мен тәрбие» атты халықаралық ғылыми -тәжірибелік конференцияның қорытындысы бойынша қабылданды. Конференция Абай атындағы ҚазҰПУ іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

**Конференцияның мақсаты:** ҚР БҒМ өкілдері, еліміздің және шетелдік белгілі ғалымдары, университеттер мен академиялық мекемелер өкілдері, ғылыми зерттеушілер, студенттер, магистранттар, докторанттардың жұмыстарын таныстыру және талқылау.

**Конференция міндеттері:**

ғылыми зерттеулердің басым бағыттары бойынша сындарлы пікір алмасу, инновацияларды, зияткерлік дағдыларды дамыту, жастар арасында ғылымды танымал етуге, өзінің ғылыми жұмыстарын жария ету.

Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аясында ойшыл-математик, жаратылыстанушы, педагог екендігінің шынайы бейнесін қалпына келтіруші мұсылман шығысы ғылым тарихы мен педагогикасы бойынша көрнекі ғалым, профессор Ауданбек Көбесов екенін атап айта отырып, жас ұрпақты ғұлама мұрасы бойынша оқытып тәрбие жүргізу.

**Конференция барысында өзекті мәселелер қаралды:**

- Әл-Фараби - философ-ойшыл және оның білім философиясы
- Әл-Фараби - математик, жаратылыстанушы, педагог және заманауи білім беру
- Ауданбек Көбесовтің фарабитануға қосқан үлесі

Конференцияға жетекші ғалымдар мен педагогтар қатысты

- Мәскеу қалалық педагогикалық университеті ,
- Астафьев атындағы Краснояр мемлекеттік педагогикалық университеті,
- Орынбор педагогикалық университеті
- С.Вавилов атындағы жаратылыстану және техника тарихы институтының, Сирия
- Ташкент мемлекеттік экономика университетінің
- әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
- Философия, саясаттану және дінтану институты
- Абай атындағы ҚазҰПУ, еліміздегі жалпы білім беретін орта мектептер, сондай-ақ ғылым мен педагогикалық қауымдастықтың өкілдері қатысты.

**Конференция бағдарламасына сәйкес пленарлық отырыста, ғылыми секциялардың отырыстарында баяндамалар мен баяндамалар тыңдалып, талқыланды.**

Конференцияның пленарлық отырысында:

1.БИДАЙБЕКОВ Е.Ы., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ білім беруді ақпараттандыру мәселелері және білім технологиялары халықаралық ғылыми зертханасының меңгерушісі

*Ауданбек Көбесов – әл-Фарабидің философ-ойшыл, математик, жаратылыстанушы, педагог екендігінің шынайы бейнесін жасаушы және заманауи білім мен тәрбие*

2.КУРМАНГАЛИЕВА Г.К., философия ғылымының докторы, Философия, саясаттану және дінтану институты

*Стратегия формирования интеллектуального общества аль-Фараби и ее ценностная экспликация в творчестве А.Кубесова*

3.АЛТАЕВ Ж.А., философия ғылымының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Философия кафедрасының профессоры, Әл-Фараби орталығының ғылыми кеңесшісі  
*Фарабитанудың көпшілікке беймәлім беттері және Ауданбек Көбесов*

4.СЕЙТАХМЕТОВА Н.Л., Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері

*Образование как модель жизни в философии Абу Насра аль - Фараби: контексты творчества Ауданбека Кобесова*

5.МАХМУД АЛЬ-ХАМЗА, С.Вавилов атындағы жаратылыстану және техника тарихы институтының профессоры, РҒА, Сирия

*Фараби на арабском языке и работы А. Кобесова*

6.АСҚАР Л. Ә., философия ғылымының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Философия кафедрасының доценті

*Ауданбек Көбесов және Қазақстандағы Фараби мұрасының зерттелуі*

7.ЖАҢАБАЕВ З., профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

*А. Көбесов – ғалым, ұстаз, азамат*

8.БЕКМАГАМБЕТОВА Р.К., доктор педагогических наук, КазНПУ имени Абая

*Педагогическое наследие аль Фараби по Кобесову*

9.БИДАЙБЕКОВ Е.Ы., КАМАЛОВА Г.Б., ОШАНОВА Н.Т., УМБЕТБАЕВ К.У., КазНПУ имени Абая

*Информатизация (цифровизация) математического наследия Аль-Фараби в современном образовании по идее исследования А. Кобесова*

Конференцияға 150-ге жуық баяндамалар келіп түсті. Олар Ресей, Өзбекстан, Сириядан, еліміздегі барлық жоғары оқу орындары мен білім беру ұйымдарынан келді. Баяндамаларды тыңдап, талқылаудан кейін конференцияға қатысушылардан ұсынылған барлық баяндамалар конференцияның жалпы тұжырымдамасына сәйкес келетін өзекті тақырыптар бойынша жазылғандығын атап көрсетті.

**Конференцияға қатысушылар:** Әл-Фарабидің трактаттарын зерттеу, тәрбие мен білім беру идеалы ғылыми білімді меңгеруді, білім алушының ғана емес, мұғалімнің де адамгершілік және эстетикалық кемелденуін болжайды. Баяндамада өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыруды, Әл-Фараби өз еңбектерінде білім берудің, адам зердесін дамытудың маңыздылығын атап өте отырып, қазіргі білім беруде де оқушыға сондай талаптар қойылатындығын: оқушы жағдайларды талдауға, олардағы таныс физикалық құбылыстарды тануға және оларды түсіндіру үшін білімді қолдануға дайын болуы керектігі айтылды.

Әл-Фараби мұрасын заманауи білім беруде қолдану туралы баяндамалар ерекше қызығушылық тудырды. Қоғам мен білім беруді цифрландыру дамуының заманауи жағдайында жаһандану үдерістері үдеп келе жатқанын, білім мен ғылым бірлігінің үлгісі ретінде университеттердің рөлі артып келе жатқанын атап өтті. Әсіресе, А.Көбесовтың фарабитануға сіңірген еңбегінің орасан зор екендігі, бұл әлі де болса тың, зерттеуді қажет ететін мәселе екендігі ерекше аталып өтті. А.Көбесовтың еңбектерін зерттеу ұлтымыздың ғылым тарихын тереңірек түсінуге әкелетіндігі жайлы пікірлер айтылды. А.Көбесов арқылы танылып отырған әл-Фарабидің жаратылыстану бағытындағы ғылыми мұрасының елімізде ұмытылып бара жатқандығы, тек Абай атындағы ҚазҰПУ ұжымы мен санаулы адамдар ғана айналысатындығы туралы айтылды. Сонымен қатар, университетте ғалым мұраларын цифрландыру барысында жасалып жатқан жұмыстардың өте маңызды екендігін, заманауи білімберуде орнының ерекше екендігі ерекше аталып өтті.

Баяндамаларды тыңдап болған соң, талқылаулар негізінде конференцияға мәлімдеме, **ұсыныстары:**

- конференция Ауданбек Көбесовтің ғылым мұрасы мен мирасы және фарабитануға қосқан үлесін жан-жақты сарапқа салып, ғалым зерттеулерінің өзектілігін, маңыздылығын көрсетті. Сонымен қатар, Ауданбек Көбесовтің бастамасымен, табандылығымен қолға

алынған әл-Фарабидің физика-математикалық, жаратылыстанушылық, педагогикалық мұраларын зерттеу барысының бәсеңсіп кеткенін айтпасқа болмайды. Осы орайда, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Әл-Фарабидің математикалық мұралары заманауи білім беру жағдайында» атты тақырып бойынша жүргізіліп жатқан ғылыми-әдістемелік зерттеулер - құптарлық және болашағы зор ғылыми зерттеулер.

- конференцияға қатысушылардың баяндамалары білім беру оқу орындары тарапынан, Әл-Фараби мұрасын оқу орындарына жас ұрпақты ілім-білімге, ғылымның жауһарларына қызықтырып, оларға, рухани, патриоттық білім-тәрбие беру мақсатында енгізу тұрғысынан Ауданбек Көбесовтың зерттеулеріне деген қызығушылықтың жоғары екендігін көрсетті. Осыған орай, оның еңбектерін қайта шығарып тарату мақсатында және ғалымның фарабитанулық зерттеулері туралы жан-жақты ғылыми ізденістерді ары қарай жүргізу мақсатында **Ауданбек Көбесовтың толық еңбектері жинағын** шығаруды ұсынамыз.

- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасындағы әл-Фараби мұрасын зерттеу және насихаттау негізінде дүниетанымның интегралды құндылықтарын қалыптастыратын Фараби орталығымен қатар, онымен, тағы да басқа да Фараби орталықтармен тығыз байланыста болатын, ғұлама бабамыз Әл-Фарабидің мұрасын дәріптеп қана қоймай, оны заманауи білім беру жүйесіне енгізудің ғылыми әдістемелік негіздерін жасау және жас ұрпақты әл-Фараби еңбектері бойынша оқытып тәрбиелеу мәселесін бірінші кезекке қоятын **Әл-Фараби білім беру орталығын** Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінде қайтадан ашу қажет.

Туғанына 90 жыл толып отырған, мұсылман шығысы ғылым тарихы мен педагогикасы бойынша көрнекі ғалым, белгілі фарабитанушы, отандық фарабистика негізін қалаушылардың бірі, Әбу Насыр әл-Фарабидің философ-ойшыл, математик, жаратылыстанушы, педагог екендігінің шынайы бейнесін қалпына келтіруші ғалым, профессор **Ауданбек Көбесов** Республикалық «Өнегелі өмір» сериялы кітабына шығуға ылайық және шығаруды ұсынамыз.

Конференцияның пленарлық отырысының соңында Ұйымдастыру комитетінің конференцияның мазмұны мен бағытына толық қанағаттанатындығы және Пленарлық отырыс пен конференцияның секцияларындағы жемісті жұмысы туралы өз пікірін сеніммен айта алатындығы және міндеттері толық орындалғандығы туралы қаулы қабылданды.

Конференцияға қатысушылардың жалпы шешімімен 2022 жылғы 11 ақпанда қабылданды.